



# САЛЫҚ ЗИМАНОВ 100 ЖЫЛ

«САЛЫҚ ЗИМАНОВ: ҒАЛЫМ, АЗАМАТ,  
МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ»


Республикалық ғылыми-тәжірибелік  
конференцияның материалдары

Нұр-Сұлтан, 19 ақпан 2021 ж.

«САЛЫҚ ЗИМАНОВ: УЧЕНЫЙ, ГРАЖДАНИН,  
ОБЩЕСТВЕННЫЙ И ГОСУДАРСТВЕННЫЙ  
ДЕЯТЕЛЬ»

Материалы республиканской  
научно-практической конференции

Нур-Султан, 19 февраля 2021 г.



**Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті**  
**Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева**

**«САЛЫҚ ЗИМАНОВ: ҒАЛЫМ, АЗАМАТ, МЕМЛЕКЕТ  
ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ»**

Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары  
Нұр-Сұлтан, 19 ақпан 2021 ж.

**«САЛЫҚ ЗИМАНОВ: УЧЕНЫЙ, ГРАЖДАНИН, ОБЩЕСТВЕННЫЙ  
И ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ДЕЯТЕЛЬ»**

Материалы республиканской научно-практической конференции  
Нур-Султан, 19 февраля 2021 г.

Нұр-Сұлтан, 2021

**РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА  
РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ**

**Төраға (Председатель):**

*Сыдықов Е.Б.*, ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор  
**мүшелері (члены):**

*Оңғарбаев Е.Ә.*, заң ғылымдарының докторы, профессор  
*Мерзадинова Г.Т.*, техника ғылымдарының докторы, профессор  
*Қозыбаев И.М.*, тарих ғылымдарының докторы, профессор  
*Сматлаев Б.М.*, заң ғылымдарының докторы, профессор  
*Нұрмағамбетов А.М.*, заң ғылымдарының докторы, профессор  
*Тлепина Ш.В.*, заң ғылымдарының докторы, профессор  
*Сембекова Б.Р.*, заң ғылымдарының кандидаты, доцент  
*Сақтағанова И.С.*, заң ғылымдарының кандидаты, доцент

**Бас редактор (Главный редактор):**

*Абдрасулов Е.Б.*, заң ғылымдарының докторы, профессор

**Жауапты редакторлар (ответственные редакторы):**

*Дауталиев Қ.Н.*, заң ғылымдарының кандидаты

*Женисов С.К.*, заң ғылымдарының магистрі

**Салық Зиманов: ғалым, азамат, мемлекет және қоғам қайраткері:** республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары / Абдрасулов Е.Б., Дауталиев Қ.Н., Женисов С.К. – Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2021. – 242 б.

**Салық Зиманов: ученый, гражданин, общественный и государственный деятель:** материалы республиканской научно-практической конференции. / Абдрасулов Е.Б., Дауталиев Қ.Н., Женисов С.К. – Нур-Султан: ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, 2021. – 242 с.

ISBN 978-601-337-529-8

Жинақта 19 ақпан 2021 жылы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде өткен «Салық Зиманов: ғалым, азамат, мемлекет және қоғам қайраткері» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары жарияланып отыр.

Басылым ғылым және тәжірибе қызметкерлеріне, оқытушыларға, PhD докторанттар мен студенттерге, сондай-ақ ҚР ҰҒА академигі С.З. Зимановтың мұрасына қызығушылық танытқан жалпы жұртқа арналады.

В сборнике представлены доклады и выступления участников Республиканской научно-практической конференции «Салық Зиманов: ученый, гражданин, общественный и государственный деятель», состоявшейся в Евразийском национальном университете имени Л.Н.Гумилева 19 февраля 2021 года.

Издание адресовано научным и практическим работникам, преподавателям, PhD докторантам и студентам, а так же для всех, кто интересуется наследием академика НАН РК С.З.Зиманова.

ӘОЖ 340  
КБЖ 65

ISBN 978-601-337-529-8

© Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2021  
© ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2021

**Мазмұны  
Содержание**

<i>Предисловие к материалам республиканской научно-практической конференции.....</i>	6
--	---

**1-бөлім. Конференция қатысушыларына арналған құттықтаулар  
Часть 1. Приветствия участникам конференции**

<i>Тоқаев Қ.К.</i>	Қазақстан Республикасы Президентінің құттықтау сөзі.....	11
<i>Тогжанов Е.Л.</i>	Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі орынбасарының құттықтау сөзі.....	12
<i>Мәми Қ.Ә.</i>	Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі Төрағасының құттықтау сөзі.....	15
<i>Асанов Ж.Қ.</i>	Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Төрағасының құттықтау сөзі.....	16
<i>Дәуленов М.М.</i>	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым вице-министрінің құттықтау сөзі.....	18
<i>Бекетаев М.Б.</i>	Қазақстан Республикасы Әділет министрінің құттықтау сөзі.....	20
<i>Құл-Мұхаммед М.А.</i>	Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты депутатының құттықтау сөзі .....	22
<i>Жұрынов М.Ж.</i>	Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы Президентінің құттықтау сөзі .....	24
<i>Абдолла С.Ж.</i>	Қазақстан Республикасы Судьялар одағы Төрағасының құттықтау сөзі.....	26

**2-бөлім. Ғылыми баяндамалар  
Часть 2. Научные доклады**

<i>Сыдықов Е.Б.</i>	Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті КЕАҚ Басқарма төрағасы-ректорының кіріспе сөзі.....	30
<i>Сұлтанов Қ.С.</i>	Академик Салық Зимановтың заңшығарушылық қызметке қосқан үлесі.....	32
<i>Абдильдин Ж.М.</i>	Салық Зиманов – выдающаяся целостная личность.....	33
<i>Сабиқенов С.Н.</i>	Академик С.З. Зиманов - выдающийся учёный-юрист современности, основатель юридической науки и юридического образования Казахстана.....	36
<i>Алимбеков М.Т.</i>	Ұлағатты ұстаз туралы сөз.....	38
<i>Дулатбеков Н.О.</i>	Салық Зиманов мұрасының өміршеңдігі туралы.....	42
<i>Шапақ У.</i>	Салық Зимановтың конституциялық құндылықтар туралы көзқарастары.....	44
<i>Сәрпеков Р.Қ.</i>	Өнегелі өмір.....	46

<i>Ударцев С.Ф.</i>	Академик С.З. Зиманов: основные направления научных исследований (из истории юридической науки).....	50
<i>Нурғалиева Е.Н.</i>	Положение наемных работников на предприятиях с иностранными инвестициями.....	56
<i>Тлепина Ш.В.</i>	Труды академика Зиманова С.З. как мировоззренческая и методологическая основа историко-правовых исследований.....	61
<i>Абдрасулов Е.Б.</i>	Вопросы национальной государственности и государственного суверенитета в политико-правовых воззрениях академика С.З. Зиманова.....	74
<i>Нурмагамбетов А.М.</i>	Академик С.З.Зиманов о проблемах государственности в истории Казахстана.....	80
<i>Ахпанов А.Н.</i>	Компаративно-правовое исследование свидетельского иммунитета.....	84
<i>Ибрагимов Ж.И.</i>	Академик С.Зимановтың билер соты туралы идеялары.....	88
<i>Шангирбаева Б.Ю.</i>	Свобода выражения мнения в кочевой цивилизации казахов. Некоторые взгляды академика С.З. Зиманова.....	95
<i>Балтабаев К.Ж.</i>	Имущественные наказания в уголовном праве.....	98
<i>Дауталиев Қ.Н.</i>	Абайтану және құқықтаным: академик Салық Зиманов зерттеулерінің ізімен.....	103
<i>Сақ Қ.Ө., Ертасова Г.Қ.</i>	Зиманов – көсемсөз зергері.....	110
<i>Арыстамбаева С.А.</i>	Салық Зиманов – юрист и философ.....	114
<i>Канатов А.К.</i>	Место Декларации о государственном суверенитете в системе законодательства Республики Казахстан: правовой анализ.....	115
<i>Габдулина Б.А.</i>	Академик Салық Зиманов – ғасырлар тоғысындағы тарихи тұлға.....	118
<i>Баймолдина С.М.</i>	Академик НАН РК Салық Зиманович Зиманов – величайший ученый современности.....	127
<i>Балғынтаев А.О.</i>	Салық Зимановтың құқық қорғау және сот органдарын жетілдіру жөніндегі кейбір көзқарастары.....	130
<i>Мергембаева Н.Б.</i>	Институт биев в уголовном судопроизводстве на современном этапе.....	133
<i>Бексултанова Р.Т.</i>	Суд биев как демократический институт отправления правосудия в современном Казахстане.....	137
<i>Даурембеков Е.Қ.</i>	Қазақстандағы медиация институтының қазіргі жағдайы мен даму келешегі.....	139
<i>Абдилов К.С.</i>	Споры и конфликты в древнем обществе, происхождение судов.....	142
<i>Нурмагамбетова С.Б.</i>	От «бонапартизма» к «авторитаризму», или особенности становления французского конституционализма.....	146
<i>Сейдеш Б.Б., Мурзағалиев Е.Ч.</i>	Қазақстан Республикасының егемендігі мен мемлекеттік тәуелсіздігін қамтамасыз етудегі академик С.Зимановтың халықаралық құқыққа қосқан жекелеген үлесі.....	151
<i>Джигитова Р.Н., Симанова Г.Т.</i>	Салық Зиманов – ұлтымыздың мақтанышы, заң ғылымдарының тірегі.....	154

<i>Салауатов М.С., Маханова А.С.</i>	Салық Зиманұлы Зиманов – ғұлама заңгер, ұстаз, қайраткер.....	157
<i>Тоқбаева Б.М.</i>	Халқының абыз ақсақалы.....	159
<i>Кемербай Р.А.</i>	Әділдік және философия.....	164
<i>Оңланбекова Ғ.</i>	Заң ғылымының корифейіне – 100 жыл.....	166
<i>Губайдуллин М.Г.</i>	Заңғар заңгер Салық Зиманов шығармаларының ерекшеліктері.....	167
<i>Мырзатаев Н.Д.</i>	Жоғары заң білімін беруді жетілдіру барысында С. Зимановтың алатын орны.....	171
<i>Қарабаев Ф.Ж.</i>	С. Зимановтың құқық саласындағы ұйымдастырушылық қызметінің кейбір көріністері.....	175
<i>Каржаубаев С.С.</i>	К проблемным вопросам юридического образования.....	178
<i>Өмірзақов П.Қ.</i>	Қазақстан Республикасында қоршаған ортаны орғауды экономикалық реттеуді жетілдіруде шетелдердің тәжірибесін қолдану.....	183
<i>Омарова Б.А.</i>	Административные процедуры в сфере недропользования в свете принятия нового административного процедурно- процессуального кодекса Республики Казахстан.....	186
<i>Капсаямова С.С., Капсаямов К.Ж.</i>	Анализ правового состояния организации государственного аудита и финансового контроля Республики Казахстан.....	191
<i>Бердібаев Н.М.</i>	Халық үніне құлақ асатын университеттен халық үніне құлақ асатын мемлекетке.....	195
<i>Жадауова Ж.А.</i>	К вопросу о совершенствовании законодательства Республики Казахстан в сфере официальной помощи развитию.....	202
<i>Жунусбекова А.Ж.</i>	Су ресурстары саласындағы халықаралық ұйымдардың қызметі.....	208
<i>Майшекина Э.С., Амерханова И.К.</i>	Қазақстан Республикасында ішкі көші-қон үрдісін құқықтық реттеудің жетілдіру жолдары.....	212
<i>Найманбай А.Р., Жусипова Б.А.</i>	Академик С.Зиманов еңбектеріндегі адами құндылықтар мен руханият мәселесі.....	218

### **3-бөлім. Конференция фотолары** **Часть 3. Фотографии конференции**

Академик Зиманов С.З. атындағы аудиторияның тұсаукесері Открытие кабинета имени академика С.З.Зиманова.....	222
Конференцияның жалпы отырысы Пленарное заседание конференции.....	225
Ұйымдастыру сәтінен Организационные моменты.....	233

### **4-бөлім. Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияның ұсынымдары** **Часть 4. Рекомендации республиканской научно-практической конференции**

Қазақ тілінде .....	238
Орыс тілінде.....	240

5. Материалы по казахскому обычному праву / Сост.: Т.М.Культелеев, М.Г.Масевич, Г.Б.Шакаев – Алматы: Жалын, 1998. – 464 б.

6. Зиманов С.З. Абай – ұлы ойшыл, ақын әрі қазақ құқығының білгірі және реформаторы. // Қазақтың ата заңдары. – А.: Жеті жарғы, 2004. – III т. – 616 б.

## **ЗИМАНОВ – КӨСЕМСӨЗ ЗЕРГЕРІ**

### **САҚ Қайрат Өмірбайұлы**

*филология ғылымдарының кандидаты, профессор, журналистика және саясаттану факультетінің деканы,  
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан*

### **ЕРТАСОВА Гүлжазира Құдайбергенқызы**

*баспасөз және баспа ісі кафедрасының аға оқытушысы,  
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан*

Адамзаттың асыл қасиеттерінің бірі - сөз өнері. Сонау көне замандардан бастап қазірге дейінгі адам ақыл-ойының маржандары сөз арқылы бізге жетті. Өмірде болған небір оқиғалар мен құбылыстарды, тіршіліктің алуан түсті бояулары мен айшықтарын келер ұрпаққа жеткізетін де сол өлмейтін сөз.

Қазақ зерттеушілерінің ішінде публицистикаға тұңғыш анықтаманы Ахмет Байтұрсынов өзінің «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде берді. А.Байтұрсынов публицистиканы көсем сөз деген қазақ сөзімен төркіндестіреді. «Көсем сөз шешен сөз сияқты әлеуметке айтқанын істету мақсатпен шығарылатын сөз. Шешен сөзден мұның айырылатын жері - шешен сөз ауызша айтылады, көсем сөз жазумен айтылады. Көсем сөз әлеумет ісіне басшылық пікір жүргізетін сөз болғандықтан да көсем сөз деп аталады. Көсем сөз кезіндегі әлеуметке керек іске мұрындық болып істеу ыждағатымен айтылады» [1].

Шын мәнінде публицистика әлеуметтік, қоғамдық, саяси мәні бар бүгінгі күннің көкейкесті мәселелерін көтеріп қана қоймай, көпшілікке шешу жолдарын аңғартып, саяси-әлеуметтік оқиғалардың сыр-сипатын ашып береді.

Нағыз публицистикада әлеуметтік-тәрбиелік ықпал жасаудың орасан зор күші бар, өйткені ол бұқараға дұрыс бағыт сілтейді.

Қазақ даласында сан ұрпақтың қордаланған әлеуметтік жүгін арқалап, қоғамдық парызын атқарып, қоғамдық-саяси, әлеуметтік мәселелерді көтеруде жанкештілік танытқан алаш зиялылары аз болмаған. Олардың қатарында техникалық немесе жаратылыстану ғылымдары саласын игере жүріп, өзінің публицистикалық жазбалары арқылы бұқараға оң жол сілтеп, көсемдік сөздерін арнап отырғаны бірталай. Мәселен, Халел Досмұхамедов медицина, Мұхаматжан Тынышпаев теміржол, Әлихан Бөкейханов экономика, Евней Бөкетов химия, Қаныш Сәтбаев геология, Әлкей Марғұлан археология саласының маманы болса да, қоғам өмірінің сан салалы мәселелеріне араласқан көп қырлы дарын иелері. Олардың публицистік жазбалары – ояну дәуіріндегі рухани және саяси күрестегі елшілдік рух, ұлтшылдық сезім, мемлекетшілдік сана көрінісінің қайнары екені ақиқат.

Сондай-ақ, заңгер мамандығын меңгерген алаш зиялысы, күрескер, қайраткер Жақып Ақбаевтың өмірі мен қызметі, саяси серіктері ұлт көсемі Ахмет Байтұрсынұлы және Жаһанша Досмұхамедов тағы басқа Алаш ардагерлерімен үндес келеді. Ақбаев қазақтың әдет-ғұрып заңдарын, соның ішінде отбасы-неке құқығын зерттеп, баспасөз бетінде өткір публицистикалық материалдар жариялады. Сол Жақып Ақбаевтың ізін жалғап, заманының заң зергері атанып, көсемсөзімен жұртын ұйытқан ізбасары, заң ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Ұлттық ғылым академиясының академигі - Салық Зиманұлы Зиманов.

С.Зиманов – көрнекті заңгер-теоритиктердің бірі, танымал мемлекет зерттеушісі, Қазақстандағы қоғамдық-саяси ой тарихының шежірешісі, қазақтың әдет-ғұрып құқығының білгірі, әрі республикадағы философия мен құқық ғылымы мен оқу-ағарту ісінің ұйымдастырушы.

Ұрпақ басынан кешірген зұлмат - Ұлы Отан соғысының басынан аяғына дейін қатысып, төрт мәрте жарақаттанып, ел үшін жанын қатерге тіккен, соғыстан жеңіспен оралған жауынгер Кеңестік Қазақстанның дамуына атсалысып, құқық қорғау органдарына қызметке орналасады. Алайда бойына біткен шығармашылық қабілеті тыным бермей, ғылым жолына түсуге негіз болды. 1948 жылы Бүкілодақтық заң институтында жоғары заң білімін алып, одан әрі Мәскеуде КСРО Ғылым академиясының Мемлекет және құқық институтында ғылыми-ізденушілік жұмыстарын жүргізіп, 1950 жылы «Бөкей Ордасының қоғамдық, қоғамдық-саяси құрылысы» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғайды. Ғылымның үлкен жолына жолдама алған жас заңгер 1961 жылы «XVIII ғ. соңы және XIX ғ. алғашқы жартысындағы Қазақстанның қоғамдық-саяси құрылысы» тақырыбында заң ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесіне диссертациялық жұмысын қорғайды. Отандық заң ғылымына қосқан қомақты үлесі үшін 1967 жылы ҚазКСР Ғылым академиясының академигі атағын иеленді.

Ғылыми еңбектерінің нәтижесінде Кеңестік үкімет қазақ қоғамының саяси-құқықтық құрылымын, қазақтың әдет құқығын жақсы жақтарынан таныды. Жекелеген еңбектері қазақ әдет құқығын әлемдік деңгейге көтеріп, ғылыми қауымның арасында қазақтың тарихына деген жаңа көзқарастар қалыптастырды.

Еліміз егемендігін алып, тәуелсіз ел болып, жаңадан қалыптасып жатқан тұста Салық Зиманұлының кәсіби заңгер, халқымызға жанашыр азамат, ұлт патриоты ретінде жасаған еңбегі зор. Еліміздің тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың стратегиялық бағытын, реформалар жүргізудегі бастамашылдығын қолдап, оның құқықтық кеңістігін жасауға бастаған үлкен керуеннің кедергісіз жүруіне қолма-қол араласты. 1990 жылы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің XII шақырылуының депутаты болып, сол жылы 25 қазанда қабылдаған Егемендік туралы Декларация жобасын жазып, оны Жоғарғы Кеңесте талқылап, қабылдауға бастамашы болды.

Ғылым жолын таңдап, бүкіл өмірін білім мен ғылымға, ғылымның адам өміріне, қоғамға, мемлекет ісіне қызмет етуіне арналған мемлекетшіл ғалым дәрежесіне көтерілген С.Зиманов елімізде заң ғылымының қалыптасып, өркендеуіне, қоғамның, мемлекеттің адам құқығын сақтап, әділеттік қарым-қатынас тұрақтануына қалтқысыз еңбек етті.

С. Зиманұлының сол жылдары жазған «Қазақстан ішкі ұйымдастырылуы бойынша күшті мемлекетке айналуы үшін ондаған жылдар қажет, ал президенттік билікті күшейту күттірмейтін жағдай» деген ойлары өз өміршеңдігін дәлелдеді. Халықпен сайланатын президент және президенттік басқару нысанындағы республиканың қалыптасуы, үкіметтің президентке тікелей бағынышты болуы Қазақстан үшін тиімді екендігін айтқан болатын. Академиктің бұл идеяларының дұрыстығын мемлекеттік билік пен басқарудағы бүгінгі күнгі тәжірибесі дәлелдеді. Бұл жағдай С. Зимановтың мемлекеттің саяси-құқықтық жағдайын танып-білуде, болжауда аса көрегендігінің және теориялық базасы жоғары екендігінің белгісі.

Академик Ата Заңның әрбір бабын айқындау мақсатында өлшеусіз еңбек етіп, осылайша тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында еліміздің дұрыс жолды таңдауына зор ықпалын тигізді.

Салық Зиманұлы заңгер-ғалым ретінде теория мен тәжірибені теңдей игерген, өзін жан-жақты білімді, жария және жеке құқықтың маманы екендігін талай рет дәлелдеген. Ол үшін құқық пен заң, ең алдымен, халықтың құқықтары мен заңды мүдделерін, мемлекеттің біртұтастығы мен егемендігін қамтамасыз етуі қажет деп санайды. Мемлекеттің егемендігі мен тәуелсіздігін, сыртқы және ішкі қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жер қойнауын пайдалану қатынастарында шарт тарабы ретіндегі мемлекеттің құқықтық мәртебесі ерекше сипатта болуы тиіс екендігін дәлелдеді. Оның пікірінше, игерілмеген шикізаттық ресурстарға ие мемлекет негізінен сырттан төнген көптеген топтар мен күштердің мүдделерінің шоғырлану орталығына айналады. Олар ең алдымен тек өздерінің коммерциялық мүдделерін ойлайды және мұндай жағдай өтпелі кезеңдегі мемлекеттің біртіндеп тәуелді болуына әкеп соғады. Ол жер қойнауын пайдалану шарттарында бірде-бір тарап екінші тараптың –



мемлекеттің уақытша әлсіздігі мен экономикалық жетілмегендігін өз пайдасына шешуге тиіс емес екендігін дәлелдеп, мемлекет мүддесін жақтады.

С. Зимановтың тікелей жетекшілігімен жинақталған салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрып нормаларын, хандар заңнамасы мен халық арасында жоғары беделге ие болған би-қазылардың сот төреліктерін, қазақтың ортағасырлық «Жарғы» құқықтар жүйесін зерттеген «Қазақтың ата заңдары» атты жинағының ғылыми құндылығының орны ерекше. Бұл он томнан тұратын көптомды-концептуалды серия қазақ халқының бай құқық саласының кемел шежіресі іспетті іргелі бастама болды. Мәселе оның көлемі мен шығармаларының санында ғана емес, мазмұнында. Ғалымның он томдығының әрқайсысы, тіпті әрбір еңбегінің өзі бірнеше мақала, зерттеулерге арқау боларлық дүниелер.

Осы тұрғыда С.З. Зимановтың «Қазақтың Ата Заңдары» атты он томдықтың үшінші томдағы «Қазақ даласында әділ соттың «Алтын ғасыры» болды ма?» атты публицистикасына тоқталуды жөн санадық. Бұл том екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімінде - қазақ даласындағы белгілі билер туралы ғұмырнамалық мәліметтер. Бізге жеткен олардың билік шешімдері мен өсиеттері топтастырылған. Екінші бөлім - би әрі «төбе би» бейнесіндегі Абай Құнанбаевтың қызметі мен билік шешімдеріне арналған. Абай далалық өлкедегі бізге дейінгі құқықтық мұраның ірі білгірі болып табылады. Ол қазақ даласындағы әділ соттың «Алтын ғасыр» биінің образын сомдап қана қойған жоқ, сонымен бірге соттық биліктің, қоғамының өнегелік дәстүрлерін нығайтудағы және адами қатынастарды сауықтырудағы тарихи үлгісін көрсетті. Әрбір бөлім жалпы сипаттама түріндегі кіріспе мақаламен камтылған. Бірақ тұтастай Қазақ құқығын түсіну және зерделеу үшін негіз болып табылатын бір мәселе бар, ол – Қазақ құқығының ұлттық және әлемдік тарихта алатын орны.

Салық Зиманұлының мемлекет, қоғам өмірінде күнделікті сапырылысып, өтіп жататын әртүрлі маңызды оқиғаларға үн қосып, көзқарасын білдіріп жазған публицистика, сұхбаттарынан тыс ірі-ірі монографиялық зерттеу еңбектері бүгінгі заманның талаптарына жауап бере алатын құнды оқулықтар дәрежесінде. Олардың бәрін тізбектеп шығу мүмкін болмаса да «Құқық қорғау жүйесіне түбегейлі өзгеріс», «Абай – ұлы билердің соңы және оның білім-биліктері туралы», «Мемлекет және мұнай саласындағы келісімдер», «Қазақтың билер соты – айрықша сот жүйесі», «Қазақтың «Жарғы құқығы», «Қазақтың академиялық университеті және мемлекеттік-құқықтық ғылым» сияқты ірі монографияларын атамай кету мүмкін емес.

Академик қазақтың әдет құқығын зерттей келе, мынадай пікір білдіреді: «Қазақ құқығы («жарғы») кең-байтақ қыпшақ даласында еркіндік пен бостандық саясында, көшпелілердің дүниетанымы, өзіндік теңдік, өзін-өзі басқару ұғымдарының негізінде қалыптасып, дамыды. Ру ішінде руаралық байланыстарда, сондай-ақ басқару қатынастарында шыншылдық, әділдік және адалдық секілді моральдық құндылықтарды тәрбиелеп, бекітуге ерекше көңіл бөлінді» [2]. Бұл орайда ол қазақ құқығы әлемдегі тарихи маңызы бар құқықтық жүйелер арасында өзінің лайықты орнын иелене алады және иеленуі тиіс деген ойға келеді. Ол қазақтың әдет құқығын терең зерттеген ғалымдардың алғашқыларына жатады. «Қазақтың әдет-ғұрып заңдарына шариаттың әсері» деген еңбегінде «Ежелден бекіген, кешегі күнге шейін жүйесін, ереже негіздерін бұзбай бізге жеткен қазақ халқының әдет-ғұрып жора-жолдарын зерттеу, оған тигізген басқа елдердің мәдениет мұраларының әсерін талдау, соның ішінде шариат әсерін тұжырымды ашу сол қазақ халқының «ескі ережелерінің» құндылығы мен маңыздылығын асыра түседі» [3] деп ой қорытады. Бұл еңбекте ислам дінінің Қазақстанда таралуы, исламның қазақтың әдет-ғұрпына әсер ету кезеңдері, Қазақстанның Ресейге қосылғаннан кейінгі әдет-ғұрпы, ислам және саясат мәселелері қарастырылған.

Академик қазақтың әдет құқығының тарихи дамуын зерттей келе, соның ішінде, билер сотының қызметіне аса мән беріп, терең зерттеулер жүргізіп, аталмыш институттың маңыздылығын ашады. Қазақтың билер сотының теңдесі жоқ институт екендігін дәлелдеп, келесідей пікір айтады: «Бір жағынан қоғамдық құрмет пен мәртебенің шыңында тұрған кезде «билер соты» ұғымы кез келген күрмеулі істің ақиқатын табу және сот кесімінің негізі

- әділдікке қол жеткізу түсінігімен тең тұратын. Ал би-қазы атағы аталмыш идеяларды қойылған шарт ретінде емес, өз мінез-құлқының табиғи қағидасы ретінде қабылдаған адамға бұйыратын. Мұндай ұғым халық санасында ғана емес, билер санасында да мығым орнаған. Сондай-ақ билерден сот әділдігін жүзеге асыру үшін даналық, шешендік, өз теңдес бәсекелестерімен тең дәрежеде сұхбаттасу, тарихтағы түрлі әдет-ғұрыптық, соттық-оқиғалық нормалардан хабардар болу, хандар енгізген заңдарды білу талап етілген» [4]. Билер соты институтына арналған түрлі еңбектерінде Ұлы ғалым «қазақтың би-қазылары ешкімге тәуелді болмаған, оларды ешкім сайламаған, төрелік айтатын адамды дауласушылар өздері тандап, оның әділ шешіміне жүтінген. Сондықтан да өз абырой-беделі үшін билер ешкімге қиянат жасамай, шындықтың жоқшысы болған» деген байламға келеді.

Қазақтың билер сотын терең зерттей келе, ғалым бұл институттың бүгінгі сот жүйесіне үлгі етерлік тұстары көл екендігін айтады. С. Зиманов қазақтың билер сотын тарихи және теориялық тұрғыдан зерттеудің нәтижесінде бірқатар ғылыми еңбектер жариялап, онда бүгінгі ұрпақ білмейтін билік өнеріне катысты көптеген қазақтың мақал-мәтелдері, әңгімелер мен оқиғаларды жарыққа шығарды.

Жеке меншік жоғары оқу орындары мемлекет үшін аса маңызды болып табылатын мемлекеттің кадрлар дайындау функциясын атқаруды мойнына алып, бірақ сол функцияны орындаудың орнына оны саудаға салып, өз пайдасының құралына айналдырғаны туралы да С. Зиманов мәселе көтеріп, баспасөзге көлемді публицистикалық мақалалар жариялады. Сондай-ақ жеке меншік жоғары оқу орындары ғылыми кадрлар дайындауға араласып, өздерінде диссертациялық кеңестер ашып, ғылыми дәрежені оңды-солды таратып, ғылымды қара базарға айналдырғандарды жазаға тарту керекін баспасөзде жазды. Тіпті, отандық ғылымның тығырыққа тірелгеніне шыдамай, С.Зиманов бастаған бір топ академиктер ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевқа хат жолдайды.

Академик С. Зимановтың заман талабына сай мамандар дайындауда ғылымға аса көңіл бөлу қажеттігі «теория – это лучшая практика» деген сөзін көп адамдар түсінбеді. Бұл идея содан кейін он жыл уақыт өткен соң, яғни бүгінгі таңда өзекті бола түсті. Академик идеяларының жүзеге асырылуы еліміздің білім жүйесінің әлемдік білім кеңістігіне енуімен байланысты болды. Яғни әлемдік деңгейдегі университеттердің қатарына лайықты орын алу үшін еліміздің жоғары оқу орындарына ғылымға аса көңіл бөлу, мемлекет пен қоғам тарапынан қаржылық және өзге де қолдау табу қажеттігі айқын түсінікті болды.

С. Зиманов өзінің бір публицистикалық мақаласында «Бүгінгі күнгі мемлекеттік қызметкерлер басты мәселе мен жанама мәселенің айырмашылығын түсінбейді. Олар үшін барлығы маңызды және басты болып табылады» деп жазады. Бүгінгі таңда саясаткерлер мен мемлекеттік шенеуніктердің арасында аталған санатқа кіретін азаматтар аз емес. Академиктің мұндай сөздерінің астарында үлкен ой жатқандығы анық. Себебі С. Зиманов кез келген мәселеге ғылыми тұрғыдан қарауға, яғни талдап, салыстырып, теориялық белгілерін ашып, жан-жақты зерттеу арқылы баға беруді әдетке айналдырған. Сондықтан ол мемлекеттік қызметтегі азаматтар мен жас заңгерлердің теориялық білімін жетілдіру қажеттігін айтады.

Салық Зиманов қазақ заңының патриархы ретінде, мемлекеттің тарихы және теориялық құрылымы жөнінде 300-ден аса ғылыми мақала, 17-ден аса монография жазып қалдырған.

С.Зимановтың осындай өнегелі өмірі мен ерен еңбегін келер ұрпақ үлгі етсе дейміз!

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Зерттеулер мен өлеңдер. Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.
2. Қазақтың ата заңдары: Құжаттар, деректер және зерттеулер. 10 томдық. Бағдарлама жетекшісі: С.З. Зиманов. 5-том. – 2005. – 29 б.
3. Зиманов С.З., Өсеров Н. Қазақ әдет-ғұрып заңдарына шариаттың әсері. – Алматы: Жеті жарғы, 1998. – 8 б.
4. Зиманов С.З. Қазақтың билер соты – бірегей сот жүйесі. – Алматы: Атамұра, 2008. – 6 б.